

# Әлихан Республика чемпионы

**Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттығатын Әлихан ҚҰЛАНБАЕВ Балқаш қаласында өткен жарыста облыстың намысын қорғаған болатын.**

Қарағанды облысына қарасты Балқаш қаласында өткен 2005 – 2006 ж.т. жасөспірімдер арасындағы бокстан Қ. Р. Чемпионаты еліміздің еңбек сіңірген жаттықтырушылары

А. АПАЧИНСКИЙ мен В. ТУЛУПОВТЫ еске алуға арналып ұйымдастырылған. Осы жарысқа Қостанай облысының құрамасы сапында барған Әлихан ҚҰЛАНБАЕВ есімді спортшымыз 30 келі салмақ дәрежесінде 1 орынды жеңіп алды. Болашағынан көп үміт күттіретін жас боксшымыз А. Құнанбаев атындағы №6 мектептің 7 сыныбында оқиды.

Жарыс қорытындысы бойынша Қостанай облысынан барған 14 спортшының үшеуі чемпион атанса, тағы үш боксшы 2 орынмен оралып отыр.

# Жаңа чемпионның есімі – Даниял ТАБЫЛДИНОВ



Қаламыздағы Республика чемпиондарының қатары тағы бір есіммен толықты.

Республика жеңімпазын қалалық теміржол вокзалынан Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мек-

тебінің директоры Рүстем Асанханұлы бастап, Даниялдың жаттықтырушылары мен жақындары қуанышпен қарсы алды. – 2004 – 2005 ж. т. жасөспірімдер арасында қазақ күресінен Республика чемпионаты өтті. Жарысқа 14 облыспен 3 қаладан барлығы 450-ге жуық спортшы келді. Жарыс нәтижесінде шәкіртіміз Даниял ТАБЫЛДИНОВ 46 келіде 1 орынды жеңіп алды, – дейді Арқалық БЖСМ жаттықтырушысы Сайлау РЫЗДЫҚОВ.

Абай Құнанбаев атындағы № 6 мектебінің 8 сыныбында ғана оқитын қаршадай ұлдың алға қойған мақсаты үлкен. – Чемпионатта 6 қарсыласым болды. Соның барлығын жеңіп шықтым. Осындай жетістігім үшін Арқалық БЖСМ жаттықтырушыларына, ата – анама алғысымызды айтамын. Болашақта бұдан да үлкен биіктерден көрінгім келеді, – дейді ол. Алға қойған мақсатына жетуіңе біз де тілектеспіз!



## Республика жеңімпаздары тағы бір есіммен толықты

Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі кезекті Республика жеңімпазын дайындап шығарды. Оның есімі – Әлихан ҚҰЛАНБАЕВ.

Он екі жасар Әлихан Абай Құнанбаев атындағы №6 мектептің оқушысы. Жуықта спортшымыз КСРО –ның Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мереке ЖҮСПОВТЫҢ жүлдесі үшін 17-ші мәрте өткізілген Республикалық турнирге аттанған болатын. Көкшетау қаласында ұйымдастырылған бәсекеде ол

қарсыластарының бәрінен айналасын асыра біліп, Республика жеңімпазы атанды. – Жарысқа екі спортшымыз қатысқан болатын. Ол жерде Әлихан ҚҰЛАНБАЕВ есімді шәкіртіміз 30 келі салмақта 1 орынға ие болды. Көкшетау, Атбасар, Орал қалаларынан барған қарсыластарының барлығынан басым түсті, – дейді Әлиханның жаттықтырушысы Марат СЕЙТМАҒАНБЕТОВ.

Айта кетсек, Республикалық турнирге еліміздің барлық облысынан және көршілес Ресей Федерациясының Омбы қаласынан – 166 спортшы қатысқан.

«А. Х.»